

Цифрлық объектілерді сенімді цифрлық объектілер тізіліміне енгізу және одан шығару, сондай-ақ олар туралы мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу жөніндегі нұсқаулық

1. Мақсаты

Сенімді цифрлық объектілер тізілімі киберқауіпсіздік, сенімділік, локализация және техникалық қолдау саласындағы белгіленген талаптарға сай келетін цифрлық объектілердің тізбесін қалыптастыруға арналған.

Цифрлық объектіні Тізілімге енгізу оның Сенімді цифрлық объектілер тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларында белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін растайды.

2. Кім өтініш бере алады

Цифрлық объектіні Тізілімге енгізуге өтініш беруге құқылы:

- Жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде тіркелген жеке тұлғалар;
- Заңды тұлғалар.


Бұл ретте өтініш беруші мәлімделетін цифрлық объектіге қатысты Қазақстан Республикасының аумағында айрықша мүліктік құқықтарға осындай құқықтардың қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде ие болуға тиіс.

3. Жүйеге кіру

• Жұмысты бастау үшін <https://astanahub.com/kz/> порталында авторизациялану қажет. Бірыңғай мемлекеттік цифрлық платформаның порталын ашып, «Қосылу» түймесін басыңыз да, ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба), e-mail, google немесе eGov QR арқылы авторизациялаңыз.

Назар аударыңыз!

ЭЦҚ-мен қандай да бір әрекет жасау үшін браузер баптауларында «Құрылғыдағы қосымшалар» параметрі қосулы болуы қажет.




Өтінім беру

Бөлімге өту: негізгі мәзірден «Бағдарламалар» бөлімін, оның ішінен «Сенімді цифрлық объектілер тізілімін» таңдаңыз. Сондай-ақ порталдың басты бетіндегі іздеу жолын пайдаланып, қызмет бетіне өтуге болады.

4. Процестердің сипаттамасы

4.1 «Цифрлық объектіні Тізілімге енгізу»


1-қадам. Қызмет карточкасын ашу



astanahub.com порталында «Сенімді цифрлық объектілер тізілімі» карточкасына өтіп, қызмет туралы ақпаратпен танысыңыз.

2-қадам. Өтініш беру

Лендингтің бірінші бетінде «Енгізуге өтінім беру» белсенді түймесін басыңыз.



3-қадам. ЭЦҚ байланыстыру

Егер ЭЦҚ бұрын жеке кабинетке байланыстырылмаған болса, жүйе оны байланыстыруды ұсынады. Өтінішті одан әрі толтыру және оған қол қою үшін көрсетілген әрекетті орындау қажет.

4-қадам. Өтінішті толтыру

ЭЦҚ байланыстырылғаннан кейін өтінішті толтыруға кірісіңіз.

Енгізуге арналған өтінім нысаны үш бөлімнен тұрады: «Жалпы деректер», «Өнім туралы деректер», «Құжаттарды тіркеу».

***** Әр бөлімде енгізілген деректерді сақтау мүмкіндігі қарастырылған.**

«Жалпы деректер» бөлімі

Өтініш берушінің түрін таңдаңыз:

- жеке кәсіпкер;
- заңды тұлға.

Өтініш беруші туралы негізгі мәліметтер, оның ішінде ЖСН/БСН, атауы, Т.А.Ә. және байланыс деректері жеке кабинет деректерінің негізінде автоматты түрде көрсетілуі мүмкін.

Автоматты түрде толтырылған мәліметтердің дұрыстығын тексеріңіз.

«Цифрлық объект туралы деректер» бөлімі

Цифрлық объектінің тиісті түрін таңдаңыз.

Міндетті өрістерді толтырыңыз: цифрлық объект туралы мәліметтерді, оның функционалдық мақсатын және өтініш нысанында көзделген өзге де сипаттамаларды көрсетіңіз.

Кодтарды көрсету кезінде тиісті ЕНСТРУ кодтарын және жүйеде көзделген өзге де жіктеу мәліметтерін таңдау қажет.

«Құжаттарды тіркеу» бөлімі

Цифрлық объектінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды тіркеңіз.

Маңызды! Құжаттарды өтініш нысанының тиісті өрістеріне тіркеу қажет. Өтінішті жібермес бұрын барлық міндетті құжаттың тіркелгеніне және қарауға қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.


5-қадам (соңғы қадам). Өтінімге қол қою

Барлық бөлімді толтырғаннан кейін көрсетілген мәліметтерді тексеріңіз.

«ЭЦҚ-мен қол қою және жіберу» түймесін басып, ЭЦҚ кілтін таңдаңыз да, құпиясөзді енгізіңіз.

Сәтті қол қойылғаннан кейін өтініш қарауға жіберіледі.

*** Өтініштің мәртебесін жеке кабинеттегі **«Менің өтінімдерім»** бөлімінен қадағалауға болады. Мәртебенің өзгергені туралы ақпарат порталдағы хабарламалар арқылы және жеке кабинетте көрсетілген электрондық пошта мекенжайына да келіп түсуі мүмкін. **«Менің өтінімдерім»** бөлімінде өтінішті қарау нәтижелері бойынша қалыптастырылған құжаттармен, оның ішінде енгізу туралы хабарламамен немесе уәжді бас тартумен танысуға және оларды жүктеп алуға болады.




***Компания Сенімді цифрлық объектілер тізіліміне енгізілгеннен кейін порталдың Комьюнити - желіні қарау - Компаниялар бөлімінде ол **«Сенімді цифрлық объектілер тізілімінің қатысушысы»** мәртебесімен пайда болады. Бөлімде компания карточкасын ашып, Тізілім қатысушысы туралы негізгі ақпаратпен танысуға болады.

4.2 «Сенімді цифрлық объектілер тізілімінен шығару»

Цифрлық объектіні Тізілімнен шығару Қағидаларда көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.


Шығару туралы өтінішті өтініш беруші немесе уәкілетті орган белгіленген тәртіппен бастамашылық ете алады.



Өтініш берушінің өтініш беруі:

1-қадам. Өтініш жасау

Жеке кабинетте **«Менің өтінімдерім»** бөліміне өтіңіз. Тиісті қызметті таңдап, **«Шығаруға өтінім жасау»** түймесін басыңыз.



2-қадам. Тізілімнен шығару туралы өтінішті толтыру

Жүйе өтініш беруші туралы мәліметтерді, оның ішінде өтініш берушінің түрін және ЖСН/БСН автоматты түрде көрсетеді.

Өтініште мыналар қажет:

1. цифрлық объектінің атауын және тиісті тізілім жазбасы туралы мәліметтерді көрсету;

2. цифрлық объектіні Тізілімнен шығару себебін көрсету;

3. қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды тіркеу.

Толтырылған мәліметтерді тексеріп, «ЭЦҚ-мен қол қою және жіберу» түймесін басыңыз. ЭЦҚ кілтін таңдап, құпиясөзді енгізіңіз. Сәтті қол қойылғаннан кейін өтініш қарауға жіберіледі.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы ақпарат және тиісті хабарлама «**Менің өтінімдерім**» бөлімінде қолжетімді.

*** Цифрлық объект Тізілімнен шығарылған жағдайда тиісті мәліметтер ақпараттық жүйеде автоматты түрде өзектендіріледі.


4.3 Цифрлық объект туралы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу

Бұл рәсім Тізілімде қамтылған мәліметтерді өзектендіруге арналған, оның ішінде өтініш беруші немесе цифрлық объект туралы өтініш нысанында көзделген деректер өзгерген кезде.

1-қадам. Өтініш жасау

Жеке кабинетте «**Менің өтінімдерім**» бөліміне өтіңіз.

Цифрлық объект Тізілімге енгізілуіне негіз болған өтінішті тауып, «**Деректерді өзгерту**» әрекетін таңдаңыз.



2-қадам. Цифрлық объектіні таңдау

Мәліметтерін өзгерту және (немесе) толықтыру қажет цифрлық объектіні таңдаңыз.

3-қадам. Өтінішті толтыру

Нысанда бұрын ұсынылған мәліметтер көрсетіледі.

Өзгертуге жатпайтын өрістер (өтініш берушінің түрі, БСН/ЖСН және объектінің түрі) өңдеу үшін қолжетімсіз болып қалады.

«Жалпы деректер» бөлімінде тиісті мүмкіндік болған кезде өтініш беруші туралы мәліметтер өзгертілуі мүмкін, оның ішінде:

- заңды тұлғаның атауы;
- Т.А.Ә.;
- заңды мекенжайы;
- тұрғылықты мекенжайы;

- нысанда көзделген өзге де мәліметтер.

Растау үшін құжат талап етілетін мәліметтер өзгерген кезде тиісті растайтын құжатты тіркеу қажет.

«Цифрлық объект туралы деректер» бөлімінде мәліметтер жүйеде көзделген мүмкіндіктерге сәйкес өзектендіріледі.

Бастапқы енгізу кезінде белгіленген цифрлық объектінің түрі, егер жүйеде және Қағидаларда өзгеше көзделмесе, осы рәсім арқылы өзгертілмейді.

«Мәлімделетін өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың себебі» өрісін толтыру міндетті.

Бұл өрісте мыналарды нақты көрсету қажет:

- қандай мәліметтер өзгертіледі және (немесе) толықтырылады;
- тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу себебі.

Қажет болған жағдайда мәлімделетін өзгерістерді растайтын құжаттарды тіркеңіз.

4-қадам. Қол қою және жіберу

Өтінішті толтырғаннан кейін енгізілген мәліметтерді тексеріңіз. **«ЭЦҚ-мен қол қою және жіберу»** түймесін басып, ЭЦҚ кілтін тандаңыз да, құпиясөзді енгізіңіз.

*** Өтініш оң қаралғаннан кейін цифрлық объект туралы мәліметтер Тізілімде автоматты түрде өзектендіріледі.

5. Жиі кездесетін қателер

Міндетті өрістер толтырылмаған

Міндетті өрістер толтырылғанға дейін жүйе өтінішке қол қоюға өтуге мүмкіндік бермейді. Жүйе міндетті деп белгілеген өрістерді тексеріңіз.

Өтінімге қол қойылмаған

Егер өтінішке ЭЦҚ-мен қол қойылмаса және ол жіберілмесе, өтініш «Жоба» мәртебесінде сақталады да, қарауға түспейді.

Жарамсыз ЭЦҚ пайдаланылған

Өтінішке қол қою үшін өтініш берушінің түріне сәйкес келетін және қажетті қол жеткізу құқықтары бар ЭЦҚ-ны пайдалану қажет.

Мысалы, заңды тұлғаның атынан өтініш берген кезде өтінішке қол қоятын адамның

тиісті өкілеттіктері болуын қамтамасыз ету қажет.

Міндетті құжаттар тіркелмеген

Өтінішті жібермес бұрын нысанның тиісті өрістерінде көзделген барлық құжаттың тіркелгенін тексеріңіз.

Құжат мәлімделген мәліметтерді растамайды

Тіркелген құжат өтініште көрсетілген тиісті ақпаратты тікелей растауға тиіс.

Цифрлық объект туралы мәліметтер дұрыс көрсетілмеген

Тексеріңіз:

- цифрлық объектінің атауы;
- цифрлық объектінің түрі;
- ЕНСТРУ кодтары;
- құқық иеленуші туралы мәліметтер;
- өзге де міндетті сипаттамалар.

Өзгерістердің себебі көрсетілмеген

Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде өтініштің тиісті өрісінде мәліметтерді өзгерту себебін міндетті түрде көрсетіңіз.

Өтінішті жібермес бұрынғы ұсынымдар

Өтінішке қол қоймас бұрын мыналарды тексеру ұсынылады:

- 1) өтініш берушінің түрі дұрыс таңдалған;
- 2) ЖСН/БСН және өтініш беруші туралы мәліметтер дұрыс көрсетілген;
- 3) цифрлық объектінің түрі дұрыс көрсетілген;
- 4) ЕНСТРУ кодтары дұрыс көрсетілген;
- 5) барлық міндетті өріс толтырылған;
- 6) барлық қажетті құжат тіркелген;
- 7) құжаттар өтініште көрсетілген мәліметтерге сәйкес келеді;
- 8) шынайы және өзекті мәліметтер көрсетілген;
- 9) өтінішке тиісті ЭЦҚ-мен қол қойылады.

Өтініш жіберілгеннен кейін оның мәртебесін «**Менің өтінімдерім**» бөлімінен қадағалау ұсынылады.